

**№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта  
мектеп**

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы**

**Тақырыбы: «Кітапхананың үздік оқырманы»**

Кітапхана меңгерушісі: Г. Сейдуалиева  
Кітапханашы: Ж. Асанва



## **Кітапхананың үздік оқырманы**

**Мақсаты:** Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай білуге үйрету. Кітапхананың үздік оқырманын анықтау.

**Көрнекілігі:** «Менің сүйікті кітаптарым» атты кітап көрмесі

### **Кітапханашы:**

-Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, оқушылар!

Егемен елімізді әлемге таныту, болашақта еркін өмір сүріп, ойлаған армандарыңыздың орындалуы тек ерінбей терең білім алғанда ғана орындалары сөзсіз. Ал білім алудың басты құралы - кітап екенін бәріміз жақсы білеміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты:

Мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу, оқу сауаттылығын арттыру және көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын дамыту.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның ғасыры. Еліміздің Еуразия жүрегіндегі жаңа Қазақстанды өркендетудің 2050-ші жылға дейінгі бағдарламасында талабы таудай, қабілетті, ізденімпаз жастар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой екенін, ондай жастардың әлемдік бәсекелестікке төтеп беретіні, ұлт ақыл ойымыз ұйтқысы болатыны көрсетілген.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Өркениеттің көшінен қалмау үшін біз білім сапасын арттырып, адам ресурсын байытуымыз қажет. Болашақ - білімді жастарымыздың қолында. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» делінген.

Ендеше, кітапханамыздың үздік оқырманын анықтау мақсатында «Кітапхананың үздік оқырманы» атты сайысымызды бастаймыз.

Сайыс төрт бөлімнен тұрады.

I.Таныстыру

II.Кім көп біледі?

III. Әйгілі ақындардың өлеңдерінен үзінді оқу.

IV.Өнер сайысы.

Сайысымыздың бірінші бөлімі: «Таныстыру»

Биіктетер білімнің ақ ордасын

Мерекең құтты болсын оқырманым,

Қол соғып, қошеметпен қарсы алайық

Келешек ғалымдар мен даналарды.

Қарсы алайық жаңа ғасыр перзенттерін,

Көшбасшысын, керемет кемеңгерін.

Болашақ елбасы мен министрлер,

Ерен ер қазағымның төрелерін.

Ішінде әншіде бар, ақында бар



Қас талант, қасиетті дарын да бар,- дей келе, ең үздік оқырмандарды ортаға шақырамыз.

1. 9 «а» сынып оқушысы: Тұрап Ақерке
2. 8 «ә» сынып оқушысы: Таукешова Жадыра
3. 8 «б» сынып оқушысы: Қалиева Жансая
4. 8 «а» сынып оқушысы: Кеңес Жібек
5. 9 «ә» сынып оқушысы: Сейдраманова Ақерке

Ақыл - көрік бойларында жетеді,  
Әлі талай сынақтардан өтеді.  
Мына отырған баршамызды өзімен  
Тез арада таныстырып өтеді.

### Оқырмандар өздерін таныстырып өтеді

#### **Жүргізуші:**

Ал, біздің үздіктер қалайсындар,  
Сіздерге әлі талай сын бар.  
Келесі сайыстың жоспарында  
Түседі бәсекеге біліктілік.

Сайысымыздың келесі бөлімі: **«Кім көп біледі?»**

Әрбір оқырман сұрақтарға тез, әрі нақты жауап беруі керек.

#### I оқырман - Тұрап Ақеркеге сұрақ:

1. Астана қаласы қай жылдан бастап, ҚР астанасы болды. (1998ж)
2. Тұңғыш елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қай жылы Президент болып сайланды. (1-желтоқсан 1991ж)
3. Ежелгі сактардың ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. (Томирис)
4. Кітаптың суреттері қалай аталады. (Иллюстрация)
5. Мемлекеттің негізгі заңы. (Конституция)
6. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Т.Әубәкіров)

#### II оқырман - Таукешова Жадыраға сұрақ:

1. ҚР-ның тәуелсіздік күні (16-желтоқсан)
2. 1975 жылы Алматыда шыққан «Азия» кітабының авторы кім? (О.Сүлейменов)
3. ҚР ұлттық валюта теңге қашан айналымға түсті. (1993ж. 15-қараша)
4. «Көшпенділер» трилогиясының авторы кім? (І.Есенберлин)
5. Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзі бойынша нешінші орында? (9-ші орында)
6. Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Қасым-Жомарт Тоқаев.)

#### III оқырман - Қалиева Жансаяға сұрақ:

1. Қазақ халқын дүниежүзіне танытқан шығарма. (М.Әуезов «Абай жолы»)
2. ҚР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті кім? (Қ.Сәтбаев)
3. Қазақта тұңғыш дүниежүзі чемпионы атағын алған кім? (Қажымұқан Мұңайтпасұлы)
4. Адамдардың бір-бірімен түсінісу құралы (Тіл)
5. Елтаңба авторлары кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов)
6. Қазақстан Республикасының Әнұранының авторлары кімдер? (сөзі: Ж.Нәжімеденов, Н.Ә.Назарбаев, әні: Ш.Қалдаяқов)

#### IV оқырман - Кеңес Жібекке сұрақ:



1. ҚР-ның Тіл туралы заңы қай жылы құрылды? (1989ж.)
2. 1912 ж. Қазақ әліпбиін жасаған кім? (А.Байтұрсынов)
3. Шығыстың қос шынары кімдер? (Ә.Молдағұлова, М.Мәметова)
4. Қазақтың атақты суретшісі (Ә.Қастеев)
5. «Қызғыш құс» өлеңінің авторы (М.Өтемісұлы)
6. Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды? (1986)

#### **У оқырман - Сейдіраманова Акеркеге сұрақ:**

1. Аттары бірдей қандай жазушыларды білесің?  
(М.Әуезов, М.Мағауин, М.Шаханов), (І.Есенберлин, І.Жансүгіров)
2. Ең көп шығарма жазып қалдырған қандай жазушыны білесің?  
(М.Әуезов, 50 том)
3. Қазақ халқының бес арысын ата. (Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов)
4. Еліміздегі ең биік тау шыңы (Хантәңірі, 6995м.)
5. Жеті жарғы заңдар ережесін шығарған кім? (Тәуке хан)
6. Ел басқару саласындағы басты тұлға кім? (Президент)

#### **Жүргізуші:**

Үшінші сайысымыз: «**Әйгілі ақындарымыздың өлендерінен үзінді оқып беру.**

1-ші оқырман Сейдіраманова Акерке: М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді.

2-ші оқырман Таукешова Жадыра: Р.Ғамзатовтың «Ана тілі» өлеңін оқып береді

3-ші оқырман Қалиева Жансая: М.Мақатаевтың «Шыда» өлеңын жатқа айту.

4-ші оқырман Кеңес Жібек: М.Мақатаевтың «Қазақстан» өленын оқиды.

5-ші оқырман Тұрап Акерке: М.Жұмабаевтың «Сағындым» атты өлеңін оқып береді.

#### **Жүргізуші:**

**Төртінші бөлім «Өнер сайысы»** «ән, би немесе мәнерлеп өлең оқып беру)  
Өнерпаз оқырмандарымыз өз өнерлерін көрсетеді.

1. Тұрап Акерке өзі шығарған «Тәуелсіз Қазақстан» атты өленін оқиды.
2. Кеңес Жібек «Жетім қыздың монологу»
3. Сейдіраманова Акерке өзінің шығармасынан «Мағжанға арнау» атты өлеңін оқып береді.
4. Таукешова Жадыра ән «Туған жер» әнін орындайды.
5. Қалиева Жансая өзінің шығармашылығынан: «Қара өлеңнің құлагері

Мұқағали» атты өлеңін оқып береді.

Әділқазылар алқасы жеңімпаздарды марапаттайды.

1. Үлгілі оқырман- Тұрап Акерке
2. Тапқыр оқырман- Сейдіраманова Акерке
3. Белсенді оқырман- Қалиева Жансая
4. Өнерлі оқырман- Таукешова Жадыра
5. Үздік оқырман- Кеңес Жібек

#### **Кітапханашы:**







-Қымбатты оқушылар! Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп насихаттаған.

Кітап бәрінің де мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын! Кітапты қадірлей білетін жаксы балалар көбейе берсін! Еліміздің болашағы, ертеңі үшін барлық қуат-қайраттарыңды оқуға, заман талабына сай терең білім алуға жұмсай беріңдер.

Назарларыңызға рақмет!

Ұйымдастырған:

Г.Сейдуалиева

Ж.Асананова

**Әділқазылардың бағалау парақшасы**

| Әділқазылардың<br>аты | Сыныбы         | Таныстыру | Кім көп<br>біледі?<br>(Сұрақ-<br>жауап) | Әйгілі<br>ақындардың<br>өлеңдерінен<br>үзінді оқу | Өнер<br>сайысы | Жалпы<br>ұпайы |
|-----------------------|----------------|-----------|-----------------------------------------|---------------------------------------------------|----------------|----------------|
| Нүркелді              | 9 <sup>а</sup> | 10        | 9                                       | 9                                                 | 10             | 38             |
| Көркем                | 9 <sup>а</sup> | 9         | 9                                       | 8                                                 | 8              | 34             |
| Ақмарал               | 9 <sup>б</sup> | 8         | 9                                       | 9                                                 | 9              | 35             |
| Ару                   | 9 <sup>б</sup> | 10        | 8                                       | 9                                                 | 9              | 36             |

Әділқазының аты – жөні С. Төреханов